**Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2015 - 2019 жылдарға арналған салалық бағдарламаны әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 23 мамырдағы № 83-ө өкімі

Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2015 - 2019 жылдарға арналған салалық бағдарлама жобасын (бұдан әрі - Салалық бағдарлама жобасы) әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Исекешев Әсет Өрентайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, жетекші |
| Сауранбаев Нұрлан Ермекұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Нұрабаев Базарбай Қанайұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы, хатшы |
| Досаев Ерболат Асқарбекұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі |
| Ақшолақов Болат Оралұлы | - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі |
| Ысқақов Марлен Нұрахметұлы | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі |
| Құсайынов Марат Әпсеметұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Еренчинов Данияр Қағазбекұлы | - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы |
| Алдашев Рүстем Ағыбайұлы | - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және өнімді бөлу туралы келісімдер департаментінің директоры |

Рыспанов Нұрлан Бектасұлы - «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Әбдіреев Батырбек Сейтенұлы - «Тау-Кен Самұрық» акционерлік қоғамы Өндіру және қайта өндіру жобаларын іске асыру департаментінің директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 31 шілдеге дейінгі мерзімде Салалық бағдарлама жобасын дайындау жөнінде ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК